WWW.OKG.KZ ——— Облыстық қоғамдық-саяси газет ——— okgazeti@gmail.com

Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты.

● Ақжолтай

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің «Механика және машина жасау» кафедрасының доценті Омарбек Бахайұлы ӘЛІБЕКОВ бес-алты жылдан бері Ұлы Отан соғысында хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлер жайлы мәлімет-дерек іздеумен айналысады. Бүгінде ол Ресей, Украина, Белоруссия мемлекеттерінің іздестіру отрядтарымен байланыс орнаткан. Осы уақыт ішінде отыз шақты жауынгерлің дерегін тауыпты.

Омарбек кейде өзінің зерттеу объектісінен тыс басқа жауынгерлер туралы мәліметке кезігіп, туыстарынан сұраған кездері де болыпты. Біз бүгін О.Әлібековтің мақаласын жариялай отырып, кешегі қанқұйлы соғыста хабарсыз кеткен аталары мен туған-туыстары жайлы мәлімет білгісі келетіндер болса, оның 8-707-753-49-92 ұялы телефонына хабарласуға болатынын қаперге саламыз. Мақаланы соңына дейін оқып шықсаңыз, өзіңізге таныс есімдерге де жолығып қалуыңыз мүмкін. Кім біледі, енді...

ХАБАРСЫЗ КЕТКЕН СОЛДАТТАР

табылып қалар деген үміт бар

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына, міне, 71 жыл болды. Соғыс зардабын тартпаған үй кем. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты.

Қазіргі уақытта алыс-жақындағы шетелдік мұрағаттардан, Ресей, Украина, Белоруссия мемлекеттерінің іздеуші отрядтарынан із-түзсіз жоғалып кеткен жерлес жауынгерлеріміз туралы деректер табылуда.

2013 жылдың сәуір-мамыр айларында Демидов қаласындағы «Патриот» іздестіру отряды Смоленск облысының Демидов ауданында бұрынғы Шиши деревнясының орнынан Қызыл Армия жауынгерлерінің сүйектерін табады. Ол осындағы ұмыт қалып кеткен санитарлық қабір болып шықты. Іздеушілер әскери архивтерден қабірдегі солдаттар жайлы деректерді анықтағанда, олардың арасында оңтүстік-қазақстандықтардың да болғаны анықталды.

Назар аударыңыз, құрметті оқырман! Мүмкін мына тізімнен туған-туысыңызды, ата-әкелеріңізді кездестіресіз. Архив құжатының түпнұсқасын сақтай отырып, орыс тілінде жариялағанды дұрыс көрдік.

1. Абдурахманов Бенеш. Красноармеец. 992 с.п. 306 СРКД. Уроженец: Казахская ССР, Южно-Казахстанская обл. Призван: Арысским РВК. Умер 25.10.1942. Жена Абдурахманова Айша.

2. Вейсенов Раскровлет. 1906 г.р. Красноармеец. 935 с.п. 306 СРКД. Уроженец: Казахская ССР, Южно-Казахстанская обл. Тюлькубасский р-н. к/з Урбулак. Призван: Тюлькубасский РВК, Казахская ССР, Южно-Казахстанская обл., Тюлькубасский р-н. Выбыл 25.10.1942. Жена Вейсенова А. Казахская ССР, Южно-Казахстанская обл. Тюлькубасский р-н. к/з Урбулак.

Бұл – солдат Бейсенов Рысдәулет, 1906 жылы туылған, Сайрам аудандық әскери комиссариатынан 1942 жылдың ақпанында шақырылған. 1949 жылғы әскери архив бойынша қызы Бейсенова (Рысдәулетова) Түлкібас ауданы, «Үрбұлақ» колхозынан іздеу салған.

3. Нурбаев Пакберды. 1905 г.р. Красноармеец. 935 с.п. 306 СРКД. Уроженец: Читинская обл., Дуговишенский р-н, Амашевский с/с Призван: Чумитский РВК, Читинская обл.

Умер 13.11.1942. Жена Нурбаева. Читинская обл., Дуговишенский р-н, Амашевский с/с.

Нұрбаев Бақберді атты солдаттың елді мекені қате жазылған секілді, Читинская емес, Чимкентская болуы да мүмкін ғой...

Эренхайн Цайтхайн мемориалы

Германияның Цайтхайн елді мекенінде совет әскери тұтқындарына арналған лагерьде (шталаг IV) қайтыс болғандардың ішінде жерлесіміз **Бегімбеков Қаматай** (Бегимбеков Хаматай Бегимбекович, казах, 01.01.1902, Чимкентская обл., 11.03.1944, солдат (рядовой), К II) бар. Тұтқын карточкасында онын **Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданы, Біртілек елді мекенінен екені көрсетілген.** Жақын туысқанының аты – **Несібелі** (шешесі не әйелі болуы мүмкін). Қабірі - участок 58, блок 1, қатар 14 деп жазылған. Солдат 1942 жылы 22 шілдеде Ростов қаласы маңында тұтқынға түскен.

Сонымен қатар, **Левин Владимир Иванович,** 15.09.1919 жылы туған, туған жері **Түлкібас стансасы, Ванновка селосы, Колхозная көшесі** деп жазылған. 1941 жылы 28 маусымда Минск маңында тұтқындалыпты. Қабірі - участок 58, блок 1, қатар 3. IV.

Шталаг XI лагерінде Сайрам ауданы, Қайнарбұлақ ауылынан **Абдраимов Аман** (1901 жылы туған) тұтқында болып, 1944 жылы 3 наурызда қайтыс болған. **Әйелінің аты Арзыкул.**

Шталаг 355 лагерінде **Абраимов Аман** (1903 ж.т.) **Оңтүстік Қазақстан облысы Қайнарбұлақ ауылынан** деп көрсетілген. Воронеж маңында 1942 жылы күзде тұтқынға түсіп, 3 наурызда қайтыс болған. **Әйелі - Кенжебайқызы Арзыбай** деп жазылған. Жерленген жері – Германияның Берген-Бельзен концлагері. Шталаг 355-те, шталаг XI-де Берген-Бельзенде орналаскан. Менің ойымша, бұл екі дерек те бір адамды мензеп тұрғандай.

ОБД «Мемориал» әскери архив сайтында мынадай дерекке көзім түсті:

«Аулбоев Таукей, 1897 года рождения. Место рождения: **Чимкентская обл., Чаяновский р-н, с/з Сталина.** Дата и место призыва: 1941, Шилкинский РВК, Читинская обл., Шилкинский р-н. Убит 25.02.1944» деп жазылған.



Суретте: Бегімбеков Қаматай, Цайтхайн лагерінің тұтқыны.

Мәліметтер өте сауатсыз жазылған, мүмкін штаб писарінің құлағына солай естілді ме, әлде сауатсыз болды ма екен? Ары қарай зерттегенімде мынадай дерекке жолықтым.

«Ауылбаев Таукей 1897 жылы, **ОҚО, Шаян ауданының Сталин атындағы колхозында туған.** Жерленген жері: Ленинград облысы, Новосельский ауданы, Залесье хуторы».

Бұл жауынгер 1944 жылға дейін соғысса, онда орден не медалі бар шығар деп іздестірсем, мынадай жазбаға тап болдым:

«Приказ 326 Рославльской стрелковой дивизии Ленинградского фронта от 13 марта 1944 года. От имени Президиума Верховного Совета ССР, за образцовое выполнение боевых заданий командования на фронте борьбы с немецкими захватчиками и проявленные при этом доблесть и мужество тов. Аульбаев в боях дер. Пустое Лесково 22.02.44 года проявил смелость и мужество награждаю орденом СЛАВЫ III-и степени. Рядового Аульбаева Таукей - пулеметчика 1-го стрелкового батальона 1099 стрелкового полка».

Ол бұйрықта 1-ші болып тұр, көрсеткен ерлігі былай баяндалады: «Со своим ручным пулеметом поддерживал наступление пехоты уничтожив огневые точки пр-ка. При попытке противника пойти на контратаку он со своим пулеметом выдвинулся вперед боевых порядков пехоты и метким огнем уничтожил гитлеровцев. Встретив меткий пулеметный огонь, немцы откатились назад неся потеряв живой силе. В этих боях тов. Аулбаев лично уничтожил 4 гитлеровца и подавил огонь двух пулеметных точек».

Солдат Ауылбаев Таукей бұл орденді өзі алып үлгермеген, себебі оны орденге ұсынған күн 1944 жылғы 26-шы ақпанды болса, марапаттау бұйрығы наурыз айы болып тұр. Ал, оның қаза болған күні әскери құжатта 25-ші ақпан деп көрсетілген. «Посмертно» деген сөз бұйрықта айтылмаған.

Түркістан ауданының **Бабайқорған ауылдық кеңесінде 1904 жылы туған Беккужаев Исбакзак (Ізбасқан болуы мүмкін)** 17.08.1942 жылы ұрыста қайтыс болып, Калинин облысының Ржев ауданындағы Коровино деревнясының солтүстік жағынан 500 метрдей жердегі молаға жерленген екен. Архивте жақын туысқаны ретінде «брат Беккужаев Бектура» деп көрсетілген.

Гродно облысының (Беларусь Республикасы) Слоним ауданында 1992 жылы қазан айында іздестіру жұмыстары барысында 1919 жылы туылған қызыл армияшы **Шигаралиев Турсун**



Суретте: Абраимов Аман, Шталаг 355 (Берген-Бельзен) тұтқыны.

ның сүйегі табылған болатын. Туып-өскен жері Ленгір ауданы, **Қазығұрт ауыл Кеңесі, Қарақия колхозы деп көрсетілген.** Ол әскерге 1940 жылдың күзінде шақырылған болуы ықтимал. 1941 жылы 30 маусымда қоршауды бұзып шығарда қайтыс болған.

Түркістан қаласының тұрғыны, лейтенант Баймбетов Жүніс Кальмитейұлы – майданда №148 дивизияның №654 атқыштар полкінің взвод командирі болып жүріп, 1945 жылдың 30 қаңтарынан із-түзсіз жоғалып кеткен. 1923 жылы туған, ВЛКСМ мүшесі, Қызыл армияда 1942 жылдан болған. Бауыры Баймбетова Орынша, Түркістан станцасының Киров көшесіндегі №32 үйде тұрған. Екінші бір құжатта кіші лейтенант Баимбетов Жунис Калматьевич, 1923 жылы туған, пулемет взводының командирі, 1944 жылы 26 шілдеде Львов облысының Старосельск ауданында *Журавка селосында жерленгені* айтылады. Ж.К.Баймбетовтың жаумен шайқасқандағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденін алғаны анықталды. Марапаттық парақта мынадай мақтан етер ерлігі жазылған: «Находясь в боях с фашистами с марта месяца 1943 года, тов. Баимбетов участвовал в освобождении многих городов и сел, форсировал водные преграды и проявляя мужество и отвагу, вдохновлял бойцов на наступательный порыв и уничтожение захватчиков – уничтожил не один десяток фашистов. В этих боях тов. Баимбетов сам трижды был ранен. В бою при прорыве обороны противника 15 июля 1944 года командуя пулеметным взводом, при поддержке артиллерийского огня, он первым со своим взводом пробрался к окопам врага и губительным огнем пулемета – навел панику в окопах немцев. Парализовал его огневую систему, чем дал возможность пехотным подразделениям без потерь выбить окончательно фашистов из занимаемого рубежа обороны. В этом бою его взвод уничтожил 30 солдат и офицеров». Батыр ағамыз осы ерлігінен 10 күннен кейін қайтыс болса, оны полк командирі 1944 жылдың 5 қарашасында «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынған.

Тверь облысының Зубцовск ауданында орналаскан Веригино деревнясында жерленген, 1900 жылы туған **Сулейманов Ускенбайдың** туған-туыстарын іздейміз. Ол соғысқа Сайрам ауданы әскери комиссариатынан шақырылған. **Туған жері: Кемербастау колхозы, әйелінің есімі – Жұпар.** Бұл хабар бұрын да БАҚ-та жарияланған.

Оңтүстікказакстандық 3-рангті әскери дәрігер **Таджиев Ибрагим Лайлиевич** – *7-ші запастағы өзбек кавалериялық полкінің дәрігері* 1942 жылы маусым айында із-түзсіз жоғалып кеткен. 1913 жылы туған. Әкесі Лайлиев Таджи – Шымкент қаласы, Ерназаров көшесі, 7 үй деп көрсетілген. Тағы бір құжатта былай деп жазылған: «Таджиев Ибрагим Лаймович, 1917 г.р., г.Чимкент, ул. Физарова, 7, красноармеец, погиб в плену в концентрационно лагере «Славута», умер 9. 01. 1943 г. в городе Славута» 1945 жылы жазылған тағы бір әскери құжатта: «Необходимо исключить из списков Красной Армии как пропавшего без вести на фронтах Отечественной войны, так как его местонахождение с 1942 года по сей день отсутствуют: младшего врача 7 Узбекского запасного кавалерийского полка – военврача 3 ранга Таджиева Ибрагима Лайлиевича, 1913 г. рождения. Таджик. Беспартийный. В Красной Армии с февраля 1942 года. Семья проживает в гор. Чимкент, ул. Ерназарова, д. №7 – Отец Лайлиев Таджи» деп көрсетілген.

«Таджиев Ибрагим Лаймович, 1917 г.р., г. Чимкент, ул. Физарова, 7, красноармеец, погиб в плену в концентрационном лагере «Славута», умер 9.01.1943 г. в городе Славута». Оның сүйегі осында жатыр!

Осы «Славутич» атты әскери тұтқындарға арналған лагерьде жерлесіміз **Сирока Иван Павловичтің** сүйегі жатыр. Ол 1915 жылы туған, **ОҚО, Жуалы ауданы, Казанка селосынан, тракторшы болған. Сайрам ауданы әскери комиссариатынан 1.01.1942 жылы шақырылған, әйелі – Сирока А.И., мекенжайы – М.Горький атындағы колхоз.**

Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданынан (бұрынғы Қаратас ауданы) Тәженов Бимырза туралы да быытыр «Оңтүстік Қазақстанда» жария етілген болатын. Ол 1922 жылы туған, архивтік құжатта әскери атағы – сержант, бөлім командирі, Қаратас ауданынан, Шымкент ауданы әскери комиссариатынан шақырылған деп айтылған. Әйелі – Балхай Абдразакова, мекенжайы – «Алма-Атинская область (қате жазылған), гор.Чекмент Каратовский р-н, колхоз АБОГСС (?)» деп көрсетілген. Бұны ОҚО, Шымкент қаласы, Қаратас ауданы деп түсінуге болады. Ал, жерленген жері Ленинград облысының Полавск ауданында.

Жоғарыда берілген мәліметтердің барлығының деректілігі рас, арнайы анықтамалық сайттардан алынған.

Алыста жат жерде қалған, із-түзсіз жоғалып кеткен жақын аға-аталарыңызды ізденіздер. Табылып жатса, қаза тапқан батырлар есімдерін мәңгі есте сақтау үшін сол жердегі ескерткіштерде, обелискілерде, арнайы тақталарда жазғызыңыздар! Әруағына Құран бағыштап, жаңдай болып жатса, кабіріне туған жердің топырағын салып, оның да моласынан еліне топырақ алып қайтыңыздар! «Өлі разы болмай, тірі байымас» деген. Ұлы Отанымызды фашизмнен қорғап қалған боздақтарды ешқашан ұмыттпайық!

Омарбек ӘЛІБЕКОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің доценті.